ISSN 2788-7979 (online)
8 Moon R. Fixed expressions and idioms in English: A corpus-based approach. – Oxford: Clarendon Press, 1998.
9 Davies M. The corpus of contemporary American English (COCA) [Электронный ресурс]. – URL: https://www.english-corpora.org/coca/ (дата обращения: 12.05.2026).
10 Dobrovol'skij D. Phraseology and Figurative Language: Some Basic Concepts and Future Prospects // Yearbook of Phraseology. – 2025. – Vol. 16(1). – P. 5–50. DOI: 10.1515/phras-2025-0003.
11 Ichien N., Stamenković D., Holyoak K. J. Large Language Model Displays Emergent Ability to Interpret Novel Literary Metaphors // Metaphor and Symbol. – 2024. – Vol. 39(4). – P. 296–309.
12 Sanchez-Bayona E., Agerri R. Metaphor and Large Language Models: When Surface Features Matter More than Deep Understanding // Findings of the Association for Computational Linguistics: ACL 2025. – 2025. – P. 17462–17477.
13 Chakrabarty T., Ghosh D., Poliak A., Muresan S. Figurative Language in Recognizing Textual Entailment // Findings of ACL-IJCNLP 2021. – 2021. – P. 3354–3361. DOI: 10.18653/v1/2021.findings-acl.297.
14 Bolognesi M.M., Combei C.R., La Pietra M., Masini F. What Makes an Awfully Good Oxymoron? // Language and Cognition. – 2024. – Vol. 16(1). – P. 242–262. DOI: 10.1017/langcog.2023.68.
15 La Pietra M., Masini F. Oxymorons: A Preliminary Corpus Investigation // Proceedings of the Second Workshop on Figurative Language Processing. – Association for Computational Linguistics, 2020. – P. 176–185. DOI: 10.18653/v1/2020.figlang-1.24.

Материал поступил в редакцию журнала 29.06.2026

ҒТАМР 16.21.39 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp199-213

А.А. Солтанбекова[1], Т.Б. Рамазанов[1]*, С.К. Жукенова[2]
[1]Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, 050010, Қазақстан
[2]Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, 020000, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚҰРАНДЫ ЕТІСТІКТЕР: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ МОДЕЛЬДЕРІ, МАҒЫНАЛЫҚ ТҰТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ КЕСТЕЛІК ЖҮЙЕЛЕНУІ

Мақала қазақ тіл біліміндегі күрделі етістіктер жүйесінің құрамында ерекше орын алатын құранды етістіктердің құрылымдық, семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін жүйелеуге арналған. Қазақ грамматикасында күрделі етістіктер жан-жақты зерттелгенімен, құранды етістіктердің сөзжасамдық табиғатын, олардың еркін етістікті тіркестерден, идиомаланған және аналитикалық құрылымдардан айырмашылығын кестелік негізде біріздендіріп көрсету қажеттілігі сақталып отыр.

Зерттеудің мақсаты – құранды етістіктерге қатысты ғылыми көзқарастарды жинақтап, олардың құрылымдық модельдерін, мағыналық тұтастығын және сөзжасамдық қызметін жүйелі түрде сипаттау. Негізгі бағыт – есім сөз + көмекші етістік үлгісі арқылы жасалатын құранды етістіктердің жаңа қимыл атауын қалыптастыру қабілетін айқындау, сондай-ақ оларды аналитикалық және идиомаланған етістіктермен салыстырмалы түрде талдау.

Жұмыстың ғылыми маңызы – құранды етістіктерді күрделі етістік жүйесіндегі дербес сөзжасамдық модель ретінде нақтылауында. Практикалық маңызы – құранды етістіктердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін кестелік форматта ұсыну арқылы оларды оқыту мен лексикографиялық сипаттауда қолдануға мүмкіндік беруінде.

Зерттеу барысында салыстырмалы-талдау, құрылымдық сипаттау және кестелік модельдеу әдістері қолданылды. Құранды етістіктердің мағыналық тұтастығы,

ISSN 2788-7979 (online)

синтаксистік қызметі және компоненттерінің өзара байланысы нақты тілдік деректер негізінде сараланды. Сонымен қатар құранды етістіктердің еркін сөз тіркестері мен аналитикалық құрылымдардан айырмашылық белгілері арнайы кестелер арқылы жүйеленді.

Нәтижесінде құранды етістіктердің жаңа лексикалық қимыл мағына жасайтындығы, олардың компоненттері бір сұраққа жауап беретін тұтас бірлік құрайтындығы және грамматикалық емес, сөзжасамдық қызмет атқаратындығы анықталды. Аналитикалық етістіктер қимылдың өту сипатын білдіретін грамматикалық тәсіл ретінде сипатталса, құранды етістіктер есім сөзді әрекеттік мағынаға көшіру арқылы дербес қимыл атауын қалыптастыратын бірлік ретінде айқындалды.

Зерттеудің құндылығы – құранды етістіктердің құрылымдық, мағыналық және грамматикалық белгілерін салыстырмалы кестелер арқылы жүйелеп, олардың тіл жүйесіндегі орнын нақты көрсетуінде. Бұл жұмыс құранды етістіктердің теориялық сипаттамасын толықтырып, оларды сөзжасамдық тұрғыдан дербес модель ретінде тануға негіз қалайды.

Практикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелері құранды етістіктер сөздігін құрастыруда, морфология курстарында, оқу-әдістемелік құралдар дайындауда және электронды лексикографиялық базалар әзірлеуде тиімді пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: құранды етістік, күрделі етістік, аналитикалық етістік, идиомаланған етістік, еркін етістікті тіркес, сөзжасам, құрылымдық модель, семантикалық тұтастық, көмекші етістік, кестелік жүйелеу.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Күрделі етістіктер қазақ грамматикасында, соның ішінде тілдің сөзжасам жүйесіне тән, белгілі бір өнімді үлгілер арқылы жасалып, қимыл-әрекеттің күрделі мазмұнын білдіретін лексика-грамматикалық бірліктер ретінде танылады. Алайда күрделі етістіктер жүйесінде құрылымдық және сөзжасамдық тұрғыдан ерекше орын алатын түрі – құранды етістіктер. Құранды етістіктер есім сөз бен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалып, жаңа лексикалық қимыл мағынасын қалыптастырады. Олардың лексика-грамматикалық сипатқа ие болуы, бір жағынан, етістік құрамында тіркесімділіктің болуы және компоненттердің мағыналық тұтастығы арқылы түсіндірілсе, екінші жағынан, есім сөздің етістікпен тіркесуі нәтижесінде жаңа атаулық-қимылдық мағына тудыру қасиетіне байланысты сөзжасам жүйесіне енуімен айқындалады. Құранды етістіктер аналитикалық құрылымдардан айырмашылығы – грамматикалық реңк үстемей, дербес жаңа қимыл атауын жасауымен ерекшеленеді.

КІРІСПЕ

Жалпы күрделі етістіктердің жасалу жолы мен мағыналық құрылымы күрделі сөздер теориясының негізгі қағидаларымен тығыз байланысты. Осы себепті олар тілде дербес жаңа мағыналы бірлік ретінде қалыптасып, сөзжасам нысаны болып саналады. Күрделі етістіктер өзіне ғана тән құрылымдық белгілерімен, нақты қалыптасу үлгілерімен және семантикалық ерекшеліктерімен сипатталады. Қазіргі қазақ тілінде күрделі етістіктер құранды күрделі етістіктер, идиомаланған күрделі етістіктер және аналитикалық формалы етістіктер болып жіктеледі. Бұл жіктеу мектеп бағдарламасында да, жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде де орныққан жүйе ретінде оқытылып келеді. Күрделі етістіктің табиғаты, жасалу жолдары мен мағыналық ерекшеліктері қазақ тіл білімінде бірқатар ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда, А.Ысқақов [1], Ы.Маманов [2], Н.Оралбаева [3], Ж.Шәкенов [4] Б.Қасым [5], М.Жолшаева [6], және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде күрделі етістік мәселесі әр қырынан талданған. Бұл жұмыста аталған ғалымдардың күрделі етістікке қатысты көзқарастары кесте түрінде жүйеленіп, олардың ортақ тұстары мен пікір алшақтықтары салыстырмалы түрде көрсетіледі. Ғалымдардың пайымдауларын кестелік форматта ұсыну

ISSN 2788-7979 (online)

теориялық тұжырымдардың нақтылығын арттырып, қабылдауды жеңілдетеді. Қазіргі морфологиялық зерттеулерде күрделі етістік мәселесіне арналған еңбектер болғанымен, бұл бағыттағы ғылыми көзқарастарды тұтастай жинақтап, өзара салыстыру ісі жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмай келеді. Көп жағдайда әр автордың тұжырымы жеке зерттеу шеңберінде қарастырылып, олардың сабақтастығы мен айырмашылықтары арнайы талдау нысанына айналмай отыр. Соның нәтижесінде күрделі етістік теориясының қалыптасу жолы мен ішкі жүйелілігі толық ашылмаған. Бұл тұрғыда академиялық грамматиканың тілдік құбылыстарды өзара байланыста қарастыратын тұтас жүйе екендігі жөніндегі тұжырымдар да маңызды. Бұл зерттеулерде морфологиялық бірліктер синтаксистік деңгейдегі парадигмалар арқылы түсіндіріледі [7]. Мұндай жүйелі көзқарас күрделі етістіктің табиғатын айқындауда ерекше маңызды, себебі күрделі құрамды етістіктіктерді морфологиялық және синтаксистік деңгейлер бірлігінде зерттеу грамматиканың функционалды-семантикалық табиғатын таныта түседі. Өзге шетел тіл білімінде күрделі етістіктер аналитикалық формалармен бірге қарастырылады. Зерттеушілер мұндай құрылымдардың жасалуын және мағыналық ерекшеліктерін құрамды баяндауыштар мен аналитикалық формалар арқылы түсіндіреді. Мысалы, *начать писать, продолжать говорить, перестать работать* тіркестерінде қимылдың басталуы, жалғасуы және тоқтауы беріледі. Күрделі етістік құрылымдарының грамматикалық ерекшеліктерін зерттеуде В.Виноградовтың еңбектері маңызды орын алады [8, 321]. Ал аспектуалдылық категориясын функционалды грамматика тұрғысынан зерттеген А.Бондарко қимылдың өту сипатын білдіретін күрделі құрылымдардың жүйесін ұсынды. Өзге шетел тіл білімінде күрделі етістік дербес сөзжасамдық бірлік ретінде емес, көбіне аналитикалық немесе құрамды етістік құрылым ретінде сипатталады [9, 30].

Шетелдік еңбектерде күрделі етістікке қатысты құбылыстар когнитивті, функционалды және корпус лингвистикасы тұрғысынан да зерттеліп келеді. Й.Фляйшхауэр мен С.Хартманн неміс тіліндегі kommen «come» етістігі негізінде light verb constructions құрылымдарының жасалу ерекшеліктерін қарастырған [10, 135]. А.Помпеи, Л. Мереу және В.Пиунно light verb constructions («көмекші етістікті құрылымдар») ұғымын күрделі етістіктермен байланыстыра отырып, олардың құрылымы мен түрлеріне тоқталған [11]. Р.Лай тибет тіліндегі осы тәрізді көпсөзді бірліктерді формалық және мағыналық белгілеріне қарай жіктеуге назар аударады [12, 302]. Ал В.Фендель Parseme grc корпусының материалдары негізінде етістікті көпсөзді бірліктердің синтаксистік ерекшеліктерін талдаған [13, 85]. Шетелдік зерттеулерде бұл құбылыс complex predicates («күрделі предикаттар»), light verb constructions («көмекші етістікті құрылымдар»), multi-word verbs («көпсөзді етістіктер») сияқты атаулармен беріледі. Аталған терминдер мағыналық жағынан тұтасып қолданылатын предикаттық құрылымдарға қатысты жұмсалады. Й.Фляйшхауэр неміс тіліндегі stehen unter-LVCs конструкцияларын No Synonymy («синоним болмау қағидаты») қағидаты негізінде талдап, олардың семантикалық ерекшеліктерін көрсетеді [14, 243]. Бұл зерттеулерде компоненттердің өзара байланысы күшейген сайын тіркестің тұтас мағынаға ие болатынына назар аударылады. Осы тұрғыдан күрделі етістікті тек аналитикалық форма ретінде емес, жаңа қимыл мағынасын қалыптастыратын құрылым ретінде қарастыруға негіз бар. Осы әркелкі ғылыми ұстанымдар күрделі етістік оның ішінде құранды етістік, көмекші етістіктер мәселесін салыстыра талдаудың қажеттігін көрсетеді. Сондықтан құранды етістікке берілген анықтамалар мен басқа күрделі етістіктермен ұқсас, айырмашылығын бір жүйеге түсіріп, кестелік форматта көрсету – теориялық тұрғыдан маңызды қадам болмақ.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ тіліндегі құранды етістіктерге қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастарды жүйелеп, олардың құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін айқындау арқылы бұл тілдік бірліктің теориялық негізін кесте түрінде көрсету. Сонымен қатар құранды етістіктердің қимылды білдірудегі семантикалық реңктерін нақты тілдік деректер

ISSN 2788-7979 (online)

арқылы саралап, оларды аналитикалық және идиомаланған құрылымдардан ажырату жолдарын ұсыну көзделеді.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында құранды етістіктерге қатысты теориялық тұжырымдарды тек сипаттау жеткіліксіз екені анықталды. Ғылыми пайымдауларды жүйелі түрде жинақтап, оларды қолданбалы тұрғыдан игерудің тиімді жолы ретінде лексикографиялық форматқа көшіру қажеттілігі туындады. Соның нәтижесінде құранды етістіктерді негізге ала отырып, күрделі қимылды білдіретін етістіктер сөздігін құрастыру идеясы қалыптасты.

Аталған жұмыс Тіл білімі институтының Грамматика бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен нысаналы-бағдарламалық жоба аясында жүзеге жасалып жатыр. Сөздіктің негізгі өзегін құранды етістіктер құрайды, сонымен қатар салыстырмалы талдау мақсатында құрама, идиомаланған және аналитикалық формалы етістіктер де қамтылды. Тілде жиілігі жоғары құранды етістіктер толық жинақталып, әрбір бірліктің лексикалық мағынасы ашылып, семалық сипаттамасы иллюстративті материалдар арқылы дәйектелді.

Теориялық жүйелеу мен практикалық сұранысты ұштастыруды көздеген бұл жұмыс алдағы уақытта құранды етістіктер сөздігінің электронды нұсқасын әзірлеумен жалғасын табады. Электронды сөздік құрылымында реестрлік бірлік, лемма, сөз табы, тұлғасы, сөз құрамы, сөзжасамдық тәсілі, етістік түрі, моделі, мағынасы және иллюстрациясы қамтылатын 10 метабелгіленім жүйесі негізге алынады. Мұндай лексикографиялық құрал құранды етістіктердің семантикасын жан-жақты ашып қана қоймай, олардың сөзжасамдық және функционалдық табиғатын ғылыми тұрғыдан нақтылауға мүмкіндік береді.

НӘТИЖЕЛЕР

Құранды етістік есім сөздің (соның ішінде еліктеуіш сөздің) етістікпен тіркесуі арқылы жасалып, тұтас лексикалық қимыл мағынасын білдіреді. Есім сыңар қимылдың мазмұндық негізін атайды, ал етістік сыңар осы негізді етістіктік мағынада жұмсауға қатысады. Етістік сыңардың көмекшілік дәрежесі барлық тіркесте бірдей емес, кейбір құрылымда оның бастапқы лексикалық мағынасы көмескіленіп, есім сыңармен бірге жаңа лексикалық бірлік жасайды, басқа жағдайда негізгі мағынасын сақтап, еркін етістікті тіркес құрайды. Сондықтан тіркесті жіктегенде сыртқы үлгісімен қатар нақты контекстегі мағынасы, компоненттердің семантикалық дербестігі және тұтас атау ретінде қалыптасуы ескерілуі қажет. Аналитикалық етістікте жетекші етістік негізгі лексикалық мағынасын сақтайды, ал көмекші етістік қимылдың өту сипатына қатысты грамматикалық реңк үстейді.

Қазақ тілінде «есім сөз + етістік» және «еліктеуіш сөз + етістік» үлгісіндегі құрылымдардың жіктелуі жөнінде зерттеушілер арасында айырмашылық бар. А.Ысқақов [1] пен Н.Оралбаева [3] мұндай бірліктердің біразын құранды етістік ретінде қарастырады, ғалымдардың талдауларында есім мен етістіктің тіркесуі арқылы тұтас қимыл мағынасының жасалуы маңызды. Ы.Маманов [2] кейбір осындай тұлғаларды дербес қалыптасқан етістік ретінде танып, түбір етістіктер қатарында қарастырады. Бұл жіктеулер күрделі етістік пен сөзжасамдық бірліктің шекарасын белгілеудегі ғылыми ұстанымдардың әртүрлілігіне байланысты. Мақалада тұтас лексикалық мағынасы орныққан және етістік сыңары көмекшілік қызметке ауысқан қолданыстар құранды етістікке жатқызылатындығы, ал компоненттері өз мағынасын сақтап, синтаксистік байланыста тұрған қолданыстар еркін тіркес ретінде танылатындығы сөз болады.

Құранды етістіктің мағыналық тұтастығы оның компоненттері бастапқы мағыналарынан толық айырылуы керек дегенді білдірмейді. Есім сыңар көбіне қимылдың мазмұндық негізін сақтайды, ал етістік сыңардың лексикалық дербестігі тіркеске қарай әртүрлі дәрежеде әлсіреуі мүмкін. Егер етістік сыңар есіммен тіркескенде жеке «алу», «беру», «салу» мағынасын білдірмей, тұтас қимыл атауын жасауға қатысса, оны көмекші қызметте деп тануға негіз бар. Мұндай қызметті аналитикалық етістіктегі көмекші етістікпен теңестіруге болмайды, құранды

ISSN 2788-7979 (online)

етістікте тіркес тұтас лексикалық мағына қалыптастырады, ал аналитикалық құрылымда жетекші етістіктің мағынасы сақталып, көмекші етістік грамматикалық сипат үстейді.

Құранды етістік пен еркін тіркесті ажыратуда бір ғана белгіге сүйену жеткіліксіз. Бұл мақалада негізгі өлшем ретінде тіркестің лексикалық-семантикалық тұтастығы және етістік сыңардың нақты қолданыстағы қызметі алынады. Құранды етістік тұтас бір қимыл атауын білдіреді. Есім сыңары қимылдың мазмұнын нақтыласа, етістік сыңары оған қимылдық мән үстеп, тұтас етістік тұлғасының қалыптасуына қатысады. Еркін тіркесте етістік өзінің негізгі мағынасын сақтайды, ал есім сыңар оның объектісін, нысанын немесе өзге қатынасын білдіреді. Сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беруі және бір ғана сөйлем мүшесі болуы – тұтастықты анықтауға көмектесетін қосымша синтаксистік белгілер, оларды жеке-дара шешуші критерий ретінде қолдануға болмайды. Тіркес арасына анықтауыш енгізу мүмкіндігі де абсолютті өлшем емес, өйткені ол контекст пен тіркестің қалыптасу дәрежесіне тәуелді. Мысалы, «кітап алу», «ақша алу», «сыйақы алу» тіркестерінде алу етістігі «иелену, қолына түсіру» мағынасын сақтап, есім сыңар алынатын нысанды білдіреді, сондықтан бұлар еркін етістікті тіркес ретінде талданады. Ал «емтихан алу» тіркесі бұл мақалада білім алушының білімін тексеру әрекетін атайтын тұтас кәсіби-лексикалық бірлік ретінде құранды етістікке жатқызылады. Мұндай жіктеу барлық зерттеушіге ортақ емес, ол А.Ысқақов [1] пен Н.Оралбаеваның [3] құранды етістікке қатысты сипаттамаларына сүйене отырып, осы зерттеуде қабылданған ғалымдардың ұстанымы болып табылады. Демек «алу» етістігінің негізгі не көмекші қызметте жұмсалуы оның нақты тіркес ішіндегі мағынасына қарай анықталады. Мысалы, ой тастау, шешім қабылда, көмек көрсет, ниет қыл, белгі соқ, тық ет, сыңғыр ет, жарқ ет тәрізді құранды етістіктерді ойла, шеш, көмектес, ниеттен, белгілеп қою, сыңғырла, жарқылда секілді туынды етістіктермен мағыналас деуге болады. Дегенмен олардың арасындағы айырма қимылдың өту сипатына байланысты айқындалады. Құранды етістіктер көбінесе қимылдың бір сәтте, кенет немесе бір рет орындалуын білдіреді. Ал еліктеуіш арқылы жасалған күрделі етістіктерде әрекеттің қайталануы, ұзақтығы немесе жалғасымдылығы байқалады (*жарқылда, тарсылда, жарқыра* т.б.)

Құранды етістік жасауға қатысатын көмекші етістіктер саны жағынан көп емес. Олардың қатарына *ет, бол, қыл, ал, бер, сал, соқ, тарт, түс, тұт, қал, кел сияқты етістіктер кіреді. Осылардың ішінде ет, бол, қыл* етістіктері ең белсенді қолданылып, құранды етістіктердің қалыптасуында негізгі қызмет атқарады.

Есім сөз+ көмекші етістік үлгісіне құрылған құранды етістіктер қатары: *әңгіме қылу, әшкере қылу, ажуа қылу, арман қылу, әбігер қылу, әдет қылу, әзіл қылу, жәрдем қылу, жыр қылу, абай болу, аман болу, әзір болу, әуре болу, әшкере болу, әбігер болу, ғалым болу, ие болу, құмар болу, құштар болу, мәлім болу, қабыл болу, жәрдем ету, табыс ету, арман ету,* т.б.

Еліктеуіш-көмекші етістік үлгісінде жасалған құранды етістіктер:

Ет, бол, қыл етістіктері өздері жеке тұрып ешқандай дербес лексикалық мағына жасамайды. Тек бол етістігі өзі жеке тұрып, көмекші емес, толыққанды лексикалық мағына жасайды, ал құранды етістіктің құрамында тұрып, лексикалық мағынасынан ажырап қалады.

Ет көмекші етістігімен жасалатын құранды етістіктер қатары: *адам ету, әзіл ету, әбігер ету, баян ету, еңбек ету, жау ету.*

Бол көмекші етістігі арқылы жасалатын құранды етістіктер: *абай болу, ажуа болу, аман болу, алаң болу, әзір болу, әуре болу, әшкере болу, әбігер болу, жария болу*

Қыл көмекші етістігі арқылы жасалатын құранды етістіктер: *әңгіме қылу, әшкере қылу, ажуа қылу, алаң қылу, арман қылу, әбігер қылу, әдет қылу, әзіл қылу, әуре қылу, дағды қылу, жақсылық қылу, жау қылу, жәрдем қылу.*

Сонымен қатар ал, сал, *ат, бер, кел, көр, қал, қақ, қой, соқ, тарт, тұт, түс* секілді көмекші етістіктер арқылы да құранды етістік жасалады: *есіне алу, есіне түсіру, айғай салу, рұқсат алу, тыйым салу, жауап беру, мүмкіндік беру, кеңес беру, тоқтамға келу, шешімге келу, пайда көру, жақсылық көру, зиян көру, дағдарыста қалу, шарт қою, талап қою, мақсат қою, қол соғу, азап тарту, бейнет тарту, ойға түсу, күйзеліске түсу, еске түсіру.*

ISSN 2788-7979 (online)

Құранды етістік пен еркін етістікті тіркесті ажырату бір ғана белгіге емес, бірнеше өзара байланысты өлшемге сүйенуі керек. Біріншіден, семантикалық тұтастық тексеріледі: құранды етістік тұтасымен белгілі бір қимылдың атауын білдіреді, ал еркін тіркесте етістік өз лексикалық мағынасын сақтап, есім сыңар сол қимылдың объектісін, бағытын не өзге қатынасын білдіреді. Екіншіден, тіркестің лексикалануы мен қалыпты қолданысы ескеріледі: құранды етістік белгілі бір мағынада орныққан бірлік ретінде жұмсалады. Үшіншіден, компоненттерге жеке сұрақ қою және арасына сөз енгізу мүмкіндігі қосымша синтаксистік диагностикалық белгі ретінде қарастырылады, бірақ бұлар жеке-дара шешуші өлшем емес. Себебі кейбір құранды етістіктердің құрамына сөз енгізу контекстік тұрғыдан мүмкін болуы немесе компоненттердің бастапқы мағынасы ішінара сақталуы ықтимал. Төртіншіден, етістік сыңардың қызметі анықталады: егер ол есім сыңармен бірге жаңа, тұрақты қимыл атауын жасаса, құрылым құранды етістік ретінде; ал етістік өзінің дербес мағынасын сақтап, есім сыңарды синтаксистік тұрғыдан меңгерсе, еркін етістікті тіркес ретінде талданады. Мысалы, сыйақы алу, ақша алу, кітап алу тіркестерінде алу «қолына түсіру, иелену» мағынасын сақтайды, ал сыйақы, ақша, кітап сөздері оның объектісін атайды, сондықтан бұлар еркін етістікті тіркестер. Ал емтихан алу тіркесі «білім алушылардың білімін тексеру» деген қалыптасқан кәсіби әрекетті білдіргенде, осы мақалада тұтас лексикалық мағынасы негізінде құранды етістік ретінде қарастырылады. Демек бірдей тұлға контекске қарай әртүрлі синтаксистік қолданыста жұмсалуы мүмкін; жіктеу нақты контекст пен мағынаға сүйеніп жасалады.

ТАЛҚЫЛАУ

Кесте 1. Еркін етістікті тіркестер мен құранды етістіктердің салыстырмалы сипаттамасы

Еркін етістікті тіркестер	Құранды етістіктер
суға бату	*жақсы бол – жақсар*
мал бағу	*абай бол – абайла*
кітап оқу	*әуре бол – әурелен*
билет алу	*ойран бол – ойрандал*
ақша алу	емтихан алу – білімді тексеру
мұғалім болу	күй-жай, психологиялық бағалау мәнін *білдіреді. Біреудің ісіне, көрсеткен көмегіне, жағдайға* қанағаттану, көңілі толу *мағынасында жұмсалып тұр.*

Тілдегі ең белсенді *ал* көмекші етістігі бірде көмекші, бірде негізгі етістік ретінде жұмсалады. Шәкенов *ал* етістігінің тек *бет, қол, күш, құп* зат есімдермен тіркеседі» дейді де, «*ал* етістігімен тіркескен сөздерге -та, те, дей, тес, тен аффикстері арқылы пайда болған туынды сөздермен мәндес» келетіндігін айтады, яғни *ал* етістігі алдында тұрған сыңары төрт түрлі етістіктің тіркесуі арқылы күрделі әрекет тудыратындығын айтады [4]. А.Ысқақов *ал* етістігінің *кітап алды, ақша алды* тәрізді қолданыстарда негізгі етістік, ал *кек алды, қамауға алды, тізімге алды* тәрізді бірліктерде көмекші қызметте жұмсалатынын көрсетіп, соңғы үлгідегі тіркестерді құранды етістік қатарында қарастырады [1]. Н.Оралбаева да есім сөз + *ал* үлгісіндегі *емтихан алу, кек алу, жауап алу, қамауға алу* тәрізді бірліктерді құранды етістік ретінде сипаттайды [3]. Ы.Мамановтың еңбегінде мұндай бірліктердің дербес қалыптасқан етістік ретінде қарастырылуы олардың грамматикалану дәрежесіне қатысты өзге талдау ұстанымын танытады [2]. Осылайша, ғалымдар арасындағы айырмашылық тіркестің сыртқы құрылымында емес, оның лексикалық тұтастығы мен етістік сыңардың қызметін бағалауда жатыр. Демек ғалымдардың жіктеуі бірдей емес, мақалада олардың пікірлері, жеке ғылыми көзқарастары беріледі. «Кек алу», «қамауға алу», «тізімге алу» және «емтихан алу» тіркестері тұтас лексикалық мағынасы қалыптасқан, екі сөз бірігіп тұтасқан қимылды білдіргендіктен

ISSN 2788-7979 (online)

құранды етістікке жатқызамыз. «Емтихан алу» – білім алушының білімін тексеру, «кек алу» – өшін қайтару, «қамауға алу» – тұтқындау, «тізімге алу» – белгілі бір тізімге енгізу әрекеттерін білдіреді. Бұл тіркестердегі алу сыңары жеке «қолына алу/иелену» мағынасында емес, есім сыңармен біріккен тұтас әрекетті атауға қатысады. Ал «сыйақы алу», «ақша алу», «кітап алу» қолданыстарында алу етістігі негізгі мағынасын сақтайды, сондықтан олар еркін етістікті тіркес ретінде жіктеледі.

Осы мақалада жіктеу контекстік-семантикалық өлшемдерге негізделеді. Емтихан алу тіркесі «білім алушының білімін тексеру» деген кәсіби әрекетті білдіріп, тұтас лексикалық атау ретінде қолданылғанда құранды етістік деп танылады. Мысалы, «Студенттерден емтихан алды» сөйлемінде емтихан алды тұтасымен «білімін тексерді» деген әрекетті білдіреді. Бұл қолданысты еркін тіркес деп жіктеу мақаладағы негізгі ұстанымға сәйкес келмейді. Ал «сыйақы алды», «ақша алды», «кітап алды» тіркестерінде алу етістігі «иелену, қолына түсіру» деген негізгі мағынасын сақтап, есім сыңар қимылдың объектісін білдіреді; сондықтан олар еркін етістікті тіркестер ретінде талданады.

Кек алу, қамауға алу, тізімге алу тіркестері де мақалада тұтас лексикалық мағынасы орныққан құранды етістіктер ретінде қарастырылады: *кек алу – өшін қайтару; қамауға алу – қамау, тұтқындау; тізімге алу – белгілі бір тізімге енгізу.* Бұл мысалдарда *ал* етістігі бастапқы «алу, иелену» мағынасында қолданылмайды, есім сыңармен бірігіп, арнайы әрекет атауын қалыптастырады. Дегенмен «ал» етістігінің көмекші қызметі барлық тіркесте бірдей дәрежеде көрінбейді; оның мәртебесі нақты тіркестің мағынасы мен қолданысына қарай анықталады. Осы себепті бір ғана «бір сұраққа жауап беру» немесе «арасына сөз енгізу» белгісіне сүйенбей, семантикалық тұтастық, лексикалану, компоненттердің қызметі және контекст бірге есепке алынады.

Оразгүл апамыз өмірден озғанша жұмысынан қол үзген жоқ. Қай кезде болсын өзінің соңғы қызмет орны Қазақ мемлекеттік университетіндегі кафедрасынан табылатын. Соңғы күндеріне дейін студенттерден ***емтихан алды,*** *диссертация мен дипломын қорғатты...(И.Қарымсақұлы). Бұл хабарды естіген Петр патша Каспий теңізі маңындағы әскеріне Хиуаға қарсы жорыққа шығып* ***кек алуға*** *бұйрық берді (Ә.Кекілбаев). Сот шешіміне сәйкес күдікті қылмыстық іс бойынша уақытша* ***қамауға алынды*** («Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» пәні бойынша дәрістердің қысқаша мазмұны). *Тексеру барысында қаржылық заңбұзушылықтарға жол берген бірнеше кәсіпорын бақылау тізіміне алынды* (Egemen Qazaqstan газеті). Мысалдардағы қамауға ал, тізімге ал, емтихан ал, кек ал етістіктер құранды етістіктер қатарында қарастырылады. Бірінші сөйлемде емтихан алды – баяндауыш қызметін атқарып тұр, ал көмекші етістігі алдыңғы сыңарындағы емтихан сөзімен тіркесіп, тұтас әрекеттік мағына жасап, **кәсіби-ресми қимылды** білдіреді (*білімді тексеру әрекеті*). Екінші сөйлемде кек алуға деген құранды етістігі толықтауыш қызметін атқарып, **біртұтас қимылды** (өш алу әрекетін) білдіреді, мағынасы бөлшектенбейді. Бұл жерде ал етістігі өзінің тікелей алу мағынасынан айырылып, кек сөзімен тіркесіп күрделі қимылды білдіріп тұр. Келесі сөйлемдердегі қамауға алынды мен тізімге алынды етістіктерінің алдыңғы сыңары салт қолданылып тұр. Белгілі бір нысанға бағытталған қимылды білідіреді. Сөйлемде баяндауыш пен толықтауыш қызметін атқарып тұр. Алдыңғы сыңарымен тұтасып, біртұтас қимылды, яғни заңдық-процессуалдық әрекетті білдіреді: *қамауға алу – ұстау, тұтқындау*. Мағыналық тұрғыдан бөлшектенбейді, тіркес құрамындағы сөздер жеке-жеке дербес қимыл білдірмейді, сондықтан бұл еркін сөз тіркесі емес, грамматикаланған құранды етістік саналады. Ендігі кезек етістікті сөз тіркесі қатысқан сөйлемдер арқылы *ал* етістігінің жұмсалу өрісін көрсетейік. Мысалы: «Жыл қорытындысы бойынша жоспарды артығымен орындаған қызметкерлер қосымша **сыйақы алды** (Kazpravda). Тергеу материалдарына сәйкес күдікті бөтен адамның банк картасынан заңсыз жолмен **ақша алған** (Informburo.kz). Оқушылар жаңа оқу жылы қарсаңында мектеп кітапханасынан тегін **кітап алды** (Egemen Qazaqstan). Бірінші сөйлемдегі сыйақы алды тіркесі еркін етістікті тіркес саналады, сөйлемде жеке-жеке тұрып не істеді – алды, нені алды? – сыйақы(ны) алды. Сөйлемде *алды* –баяндауыш, *сыйақы* – толықтауыш қызметінде жұмсалып тұр. Келесі сөйлемде *алған* – не істеген?, *ақша* – нені

алған? Толықтауыш пен баяндауыш қызметінде тұр. Үшінші сөйлемде дәл осы үлгідегідей, баяндауыш пен толықтауыштың қызметін білдіріп тұр. Етістікті тіркес пен құранды етістіктің айырмашылығы – екінші сыңарының көмекшілік және негізгі етістік ретінде жұмсалуында екендігін көрдік.

Келесі кезек идиомаланған күрделі етістік пен құранды етістікті ажырату жолдарын көрсету қажет. Идиомаланған болмаса етістікті тұрақты тіркестердің құрамындағы сөздер екі немесе үш, төрт компонентті болып келеді. Сыртқы тұлғасы, мағына тұтастығы жағынан күрделі етістіктер қатарына жатады. Сөйлемде бір ғана сұраққа жауап береді, бір ғана сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Оның құрамындағы компоненттер өз тура мағынасында жұмсалмайды, астарлы тұтас бір мағынада жұмсалады. Соңғы сыңары аналитикалық етістіктер секілді грамматикалық рең үстемейді. Бұл етістіктің құрамындағы екі болмаса үш, төрт сыңары бірігіп, бір ғана тұтас лексикалық метафораланған ауыспалы мағынаға көшеді. Құранды етістік жаңа қимыл мағына жасайды (*кек алу, риза бол*), идиомаланған етістік бейнелі, тұрақты мағына білдіреді (*төбесі көкке жету*). А.Ысқақов идиомаланған тіркестерді іштей грамматикалық жағынан бөлшектенбейтін, лексика-семантикалық жағынан бір бүтін тұлға есебінде қолданылатын тұрақты тіркестер деп қарастырады. құрама идиомаланған, лексикаланған күрделі етістіктер деген термин ұсынады. Оған *опық жеді, таяқ жеді, құр қалды, бас қойды* т.б. тіркестерді көрсетеді.

Кесте 2. Құранды мен идиомаланған күрделі етістіктердің мағыналары

Құранды етістік	**Идиомаланған етістіктер**
Ыза болу - ызалану	*Өңі кіру – бет-жүзінің нұрлануы, қуану, көңіл күйінің жақсаруы*
Арман ету - армандау	*Басына тебу - қорлау, кемсіту, аяққа басу, адамдық қадірін түсіру.*
Ынтызар болу	*Желкесін қию – өте қатал жаза қолдану, аяусыз әрекет ету (көбіне күш көрсету мағынасында).*
Шығын болу - шығындалу	*Күн туу – жаңа мүмкіндік пайда болу, қолайлы жағдай қалыптасу.*
Мәлім болу - мәлімдеу	*Үстінен түсу – күтпеген жерден тап болу, кенет кездестіру.*
Әшкере ету - әшкерелеу	*Тіл біту – сөйлей бастау; ауыспалы мағынада – үнсіз нәрсенің «сөйлегендей» болуы.*

Кесте 3. Еркін етістікті тіркес, құранды етістік және идиомаланған күрделі етістіктердің салыстырмалы кестесі

Салыстыру белгілері	**Еркін етістікті тіркес**	**Құранды етістік**	**Идиомаланған күрделі етістік**
Құрылымы	Толық мағыналы кемінде екі сөзден тұрады	Есім/еліктеуіш + көмекші етістік	Кемінде екі сөз, тұлғалық құрамы тұрақты
Алдыңғы сыңардың сипаты	Зат есім, сын есім, үстеу т.б.; компоненттер өз мағынасын сақтайды: кітап алу, ақша алу, сыйақы алу	Зат есім, сын есім, еліктеуіш; есім сыңар қимылдың мазмұндық негізін білдіреді	Әртүрлі сөз табы, жеке мағынасы көмескі*: алу* – негізгі мағынасында, әр сыңары дербес
Соңғы сыңардың сипаты	Негізгі етістік, лексикалық мағынасын сақтайды: кітап алу, ақша алу	Етістік, кейбір қолданыста көмекшілік қызметі басым, кейбіреуінде лексикалық мағынасы сақталуы мүмкін	Негізгі етістік те, көмекші де болуы мүмкін (*алу, бол* – көмекші қызметте, мағына тұтас).
Мағыналық тұтастық	Компоненттер мағыналық дербестігін сақтайды; тұтастық дәрежесі төмен	Тұтас лексикалық мағына қалыптасады; компоненттердің дербестігі әр тіркесте әртүрлі	Мағынасы бөлшектенбейді
Жаңа қимыл мағынасы	Жаңа мағына жасалмайды	Жаңа лексикалық қимыл мағынасы жасалады	Тұтас ауыспалы, бейнелі мағына жасалады: *қой аузынан шөп алмас, төбесі көкке жету, жаны мұрнына келу*
Бір сұраққа жауап беруі	Әдетте жеке сұрақтарға жауап береді, контекстке	Тұтас күйінде бір қимыл атауы ретінде бір сұраққа	Тұтасымен бір сұраққа жауап береді

ISSN 2788-7979 (online)

	қарай синтаксистік қызметі анықталады	жауап беруі мүмкін (қосымша белгі)	
Арасына сөз салу мүмкіндігі	Сөз енгізу мүмкіндігі, бұл жалғыз өлшем емес	Сөз енгізу шектеулі болуы мүмкін, бұл жалғыз өлшем емес	Болмайды
Сөйлемдегі қызметі	Сыңарлары жеке сөйлем мүшесі бола алады	Тұтас бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады	Бір ғана сөйлем мүшесі болады

Құранды мен аналитикалық етістіктің айырмашылығын анықтағанда олардың компоненттерінің сөз табы мен тіркесу тұлғасын ғана емес, мағыналық қызметін де ескеру қажет. Аналитикалық етістікте екінші компонент жетекшілік қызмет атқарады, негізгі лексикалық мағынасын сақтайды; көмекші етістік көсемше тұлғасы арқылы байланысып, қимылдың өту сипаты, аяқталуы, жалғасуы немесе бағыты сияқты грамматикалық реңктерді білдіреді. Құранды етістікте есім сыңар мен етістік сыңар бірігіп, жеке лексикалық бірлік ретінде қалыптасқан қимыл атауын жасайды. Мұнда етістік сыңардың көмекшілік қызметі аналитикалық етістіктегі грамматикалық көмекшілікпен бірдей емес, ол есім негізімен бірге лексикалық мағына құрауға қатысады.

Аналитикалық етістік – жетекші негізгі етістік пен көмекші етістіктің тіркесуі арқылы жасалатын күрделі етістік түрі. Оның басты құрылымдық ерекшелігі – құрамында кемінде екі етістіктің болуы: бірінші сыңар – негізгі (жетекші) етістік, ал екінші сыңар – көмекші етістік. Бұл екі компоненттің арасында көсемше тұлғалары, атап айтқанда -ып, -іп, -п, -а, -е, -й формалары дәнекер қызмет атқарады. Осы тұлғалар жетекші және көмекші етістіктерді байланыстырып, аналитикалық құрылымның қалыптасуына негіз болады. Мысалы, айтып берді, келе жатыр, жазып қойды, оқып шықты сияқты тіркестерде жетекші етістік негізгі лексикалық мағынаны білдірсе, көмекші етістік сол қимылға қосымша грамматикалық реңк үстейді. Бұл реңктер қимылдың аяқталу, жалғасу, кенеттен болу, басталу, нәтижелілік, бағыттылық сияқты аспектуалдық мағыналарын білдіреді. Сондықтан аналитикалық етістік жаңа лексикалық мағына тудырмайды, керісінше негізгі қимылдың грамматикалық сипатын нақтылайды.

А. Ысқақов аналитикалық етістіктерді арнайы тілдік құбылыс ретінде қарастырып, оларды сараламалы етістіктер деп сипаттайды. Ғалымның пікірінше, аналитикалық етістіктердің компоненттері арасындағы байланыс пен қатынас күрделі болып келеді және олар дәстүрлі күрделі етістіктерден белгілі бір дәрежеде ерекшеленеді. Оның көрсетуінше, аналитикалық етістік құрамында негізгі етістік, форма көрсеткіші және көмекші етістік болады. Мұндағы форма көрсеткіштері – көсемше тұлғалары, олар аналитикалық формант қызметін атқарады. Осыған байланысты тіл білімінде аналитикалық етістік, аналитикалық форма, аналитикалық формант деген ұғымдар қалыптасқан. Аналитикалық форманттар жетекші және көмекші етістіктерді байланыстырып қана қоймай, қимылдың грамматикалық сипатын айқындайтын негізгі құрал болып табылады.

Құранды етістік құрылымы жағынан аналитикалық етістіктен өзгеше. Оның бірінші сыңары есім сөзден немесе еліктеуіштен жасалады, ал екінші сыңары етістік болады. Екінші сыңар кейбір тіркестерде негізгі лексикалық мағынасын сақтауы мүмкін, сондықтан оны тек тұлғасына қарап көмекші деп тануға болмайды. Мысалы, «көмек берді», «еңбек етті», «шешім қабылдады», «әсер етті» тәрізді бірліктерде тұтас қимыл атауын білдіреді, олардың құранды етістік ретінде танылуы тіркестің лексикаланған мағынасына негізделеді. Ал «кітап алды», «ақша алды» тәрізді тіркестерде алу етістігі негізгі мағынасын сақтап, еркін тіркес жасайды.

Семантикалық қызметі жағынан аналитикалық етістік негізгі қимылдың лексикалық өзегін өзгертпей, оған грамматикалық сипат үстейді. Құранды етістік болса, есім сыңар мен етістік сыңардың бірлігі арқылы белгілі бір әрекетті атайтын тұтас лексикалық мағына қалыптастырады. Бұл тұтастық компоненттердің бастапқы мағыналары мүлде жойылады деген сөз емес, олардың дербестік дәрежесі нақты тіркеске қарай өзгеріп отырады.

Қазіргі қазақ тіл білімінде аналитикалық етістіктер күрделі етістіктер жүйесінде грамматикалық мағынаны аналитикалық тәсілмен білдіретін құрылым ретінде

ISSN 2788-7979 (online)

қарастырылады. Құранды етістіктерден негізгі айырмасы – аналитикалық құрылымда жетекші етістіктің лексикалық мағынасы сақталып, көмекші етістік оған грамматикалық реңк қосады, ал құранды етістікте есім мен етістіктің тіркесуі тұтас лексикалық қимыл атауын қалыптастырады, яғни аналитикалық және құранды етістіктердің сыртқы күрделілігі ұқсас болғанымен, мағыналық және қызметтік сипаты бөлек. Аналитикалық етістік – жетекші етістік пен көмекші етістіктің грамматикалық қатынасына негізделген құрылым; құранды етістік – есім сыңар мен етістік сыңардың бірлігі арқылы жаңа лексикалық қимыл атауын жасайтын құрылым. Етістік сыңардың көмекші не негізгі қызметі әр тіркестің нақты мағынасы мен қолданысына қарай анықталады.

Осы жылдың соңында «Күрделі құрамды етістіктер сөздігі» жарық көретін болады. Сөздікке арқау болған күрделі етістіктер қазақ тілінің ұлттық корпусынан, ғалымдардың еңбегінен, көркем шығармалардан жиналды. Күрделі етістіктердің қатарындағы құранды етістіктердің саны әзірге – 185. Ол әлі толығады. Күрделі етістіктер сөздігін жасаудағы мақсат, күрделі қимылдың мағынасын анықтау. Бір тіркестің бірнеше мағына берудегі ерекшелігін таныту, ол ерекшелікті, күрделі әрекеттік мағынаны сөйлемдер арқылы көрсету.

Кесте 4. Құранды етістік пен аналитикалық етістіктің құрылымдық, мағыналық және грамматикалық ерекшеліктері

№	Белгісі	Аналитикалық етістік	Құранды етістік
1	Құрамдық құрылымы	Екі етістіктен тұрады: жетекші етістік + көмекші етістік	Есім сөз + етістік тіркесінен тұрады
2	Бірінші компоненттің сөз табы	Әрқашан етістік болады	Есім сөз болады (зат есім, сын есім, сан есім, еліктеу сөз т.б.)
3	Екінші компоненттің сөз табы	Көмекші етістік болады (бер, қой, жүр, отыр, тұр, ал, қал т.б.)	Етістік болады (ет, қыл, бол, бер, ал, көр т.б.)
4	Компоненттерді байланыстыратын тұлға	–ып, –іп, –п, –а, –е, –й көсемше тұлғалары (аналитикалық формант)	Арнайы формант болмайды, есім сөз бен етістік тікелей тіркеседі
5	Мағыналық қызметі	Негізгі қимылға қосымша грамматикалық реңк береді (аспектуалдық, фазалық мағына)	Жаңа лексикалық мағына жасайды, жаңа қимыл атауын білдіреді
6	Лексикалық мағына	Жаңа лексикалық мағына тудырмайды, негізгі мағынаны нақтылайды	Жаңа лексикалық мағына жасайды
7	Грамматикалық қызметі	Грамматикалық категорияларды білдіреді (қимылдың өту сипаты, аяқталуы, жалғасуы)	Сөзжасамдық қызмет атқарады, жаңа етістік жасайды
8	Мысалдар	айтып берді, жазып қойды, келе жатыр, оқып шықты	көмек берді, еңбек етті, шешім қабылдады, әсер етті

Тілдегі құранды етістіктің қолданысы кең. Құрылымы жағынан басқа күрделі етістіктерден ерекшелігін, лексикалық-грамматикалық мағынасының айырмашылығын көрсету әрі шатастырып алмау мақсатында кесте түрінде ұсынып отырмыз. Құранды етістіктердің жасалу жолдары өзге күрделі етістік түрлерімен салыстырылып, төмендегі кестеде жүйеленді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі құранды етістіктердің құрылымдық және мағыналық табиғатын сипаттауда ғылыми жіктеулердің айырмашылығын ескеру қажет. А.Ысқақов [1] пен Н.Оралбаева [3] бірқатар есім + етістік үлгілерін құранды етістік ретінде қарастырса, Ы.Маманов [2] кейбір тұлғаларды дербес қалыптасқан етістік ретінде таниды. Бұл мақалада құранды етістік тұтас лексикалық қимыл мағынасын білдіретін және сөзжасамдық қызмет атқаратын бірлік ретінде сипатталды.

ISSN 2788-7979 (online)

Зерттеу нәтижесінде құранды етістік пен еркін етістікті тіркесті ажыратудың негізгі өлшемдері нақтыланды. Негізгі өлшем – тіркестің лексикалық-семантикалық тұтастығы және етістік сыңардың нақты қолданыстағы қызметі. Бір сұраққа жауап беруі, бір сөйлем мүшесі болуы және арасына сөз енгізу мүмкіндігі қосымша диагностикалық белгілер ретінде қарастырылады, бірақ жеке-дара шешуші өлшем бола алмайды. «Кітап алу», «ақша алу», «сыйақы алу» тіркестері еркін тіркес ретінде, ал «емтихан алу», «кек алу», «қамауға алу», «тізімге алу» тұтас лексикалық мағынасы орныққан қолданыстар ретінде құранды етістікке жатқызылды. «Емтихан алу» мысалына қатысты бұл – мақала авторларының ұстанымы, ол барлық зерттеушінің ортақ жіктеуі ретінде ұсынылмайды.

Құранды етістіктегі етістік сыңардың көмекшілік қызметі аналитикалық етістіктегі көмекші етістіктің қызметімен тең емес. Құранды етістікте ол есім сыңармен бірге жаңа лексикалық қимыл атауын қалыптастыруға қатысады, ал аналитикалық етістікте жетекші етістіктің мағынасы сақталып, көмекші етістік қимылдың грамматикалық реңкін білдіреді. Компоненттердің лексикалық дербестігі де барлық тіркесте бірдей емес, сондықтан әрбір бірлік контекстік-семантикалық тұрғыдан талдануы тиіс.

Осылайша, құранды етістіктердің құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерін басқа етістік түрлерімен салыстыра отырып жүйелеу олардың теориялық сипаттамасын тереңдетуге мүмкіндік берді. Жинақталған ғылыми тұжырымдар құранды етістіктер сөздігін жасаудың әдістемелік негізін қалыптастырып, оларды заманауи лексикографиялық форматта ұсынуға жол ашады. Бұл өз кезегінде қазақ тілінің сөзжасам жүйесін толыққанды сипаттауға және құранды етістіктердің тілдік табиғатын ғылыми тұрғыдан нақтылауға қызмет етеді.

Осы ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, болашақта жасалатын күрделі етістіктер сөздігінің электронды нұсқасына қажетті тілдік материалдар жинақталып, жүйеленуде. Бұл өз кезегінде күрделі етістіктерді бірізді сипаттап, оларды ғылыми айналымға толыққанды енгізуге және қазақ тілінің сөздік қорын заманауи форматта ұсынуға негіз болады. Сонымен қатар, құранды етістіктердің де құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері алғаш рет басқа етістік түрлерімен салыстырмалы түрде қарастырылып, кесте негізінде жүйеленді. Бұл есім мен етістіктің тіркесуі арқылы жасалатын құранды етістіктердің тұтас күрделі қимылдық мағына қалыптастырудағы қызметін айқындауға және олардың тіл жүйесіндегі өзіндік орнын нақты көрсетуге мүмкіндік береді.

Мақала ЖТН BR24993244 «Қазақ тілі ұлттық корпусын Smart-мәтіндер мегажобасы және қазақтілді жасанды интеллект негізі ретінде жетілдіру, ішкорпустарын әзірлеу»атты зерттеу жобасының аясында жазылды.

Жасанды интеллектіні пайдалану туралы ақпарат. Мақаланы дайындау барысында ChatGPT құралы кіріспе бөліміндегі ғылыми еңбектерге берілген түсіндірмелерді қайта қарау және редакциялау мақсатында, әдебиеттер тізімін реттеуде, оларды орыс және ағылшын тілдеріне аудару үшін, ағылшын тілінде алынған материалды редакциялау барысында пайдаланылды. Атап айтқанда, өзге шетел тіл біліміндегі ғалымдардың зерттеулеріне қатысты сипаттамалар өңделіп, мазмұны нақтыланды. Мәтіндегі ғылыми тұжырымдар мен деректер автор тарапынан тексерілді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
2 Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 б.
3 Оралбаева Н. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 2002. – 248 б.
4 Шәкенов Ж. Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұлғалар. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 б.

ISSN 2788-7979 (online)
5 Қасым Б. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі етістіктердің құрылымы мен мағынасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 210 б.
6 Жолшаева М. Қазақ тіліндегі құранды етістіктердің лексика-грамматикалық ерекшеліктері // Tiltanym. – 2022. – № 1(85). – Б. 44–54.
7 Mamynova B. K., Slyambekov Q. B., Soltanbekova A. A., Imangazina M. A., Ramazanov T. B. The fourth generation of academic Kazakh grammar // New Research of Tuva. – 2024. – No. 3. – P. 326–340. – DOI: https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.20
8 Виноградов В. В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. – Москва: Высшая школа, 1972. – 614 с.
9 Бондарко А. В. Теория функциональной грамматики. – Ленинград: Наука, 1987. – 348 с.
10 Fleischhauer J., Hartmann S. The emergence of light verb constructions: A case study on German kommen ‘come’ // Yearbook of the German Cognitive Linguistics Association. – 2021. – Vol. 9, No. 1. – P. 135–156. – DOI: https://doi.org/10.1515/gcla-2021-0007.
11 Pompei A., Mereu L., Piunno V. Light Verb Constructions as Complex Verbs: Features, Typology and Function. – Berlin; Boston: De Gruyter Mouton, 2023. – DOI: https://doi.org/10.1515/9783110747997.
12 Lai R. K. Y. Why we need asymmetric measures to classify multi-word expressions: The case of Tibetan light verb constructions // Proceedings of the Society for Computation in Linguistics. – 2024. – Vol. 7, No. 1. – P. 302–306. – DOI: https://doi.org/10.7275/scil.2211.
13 Fendel V. B. Do Good or Suffer Evil: Syntactic Nominalisations in Verbal Multi-Word Expressions in the PARSEME GRC Corpus // Digital Studies in Language and Literature. – 2025. – Vol. 2, No. 1. – P. 85–121. – DOI: https://doi.org/10.1515/dsll-2025-0005.
14 Fleischhauer J. Light verb constructions and the Principle of No Synonymy: A case study on German stehen unter-LVCs // Yearbook of the German Cognitive Linguistics Association. – 2025. – No. 1. – P. 243–272. – DOI: https://doi.org/10.1515/gcla-2025-0008.
15 Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – 784 б.

Материал 28.06.2026 баспаға түсті

Составные глаголы в казахском языке: структурные модели, семантическая целостность и табличная систематизация

А.А. Солтанбекова[1], Т.Б. Рамазанов[1], С.К. Жукенова[2]
[1]Институт языкознания имени Ахмета Байтурсынулы, Алматы, 050010, Казахстан
[2]Кокшетауский университет имени Шокана Уалиханова, Кокшетау, 020000, Казахстан

Статья посвящена систематизации структурных, семантических и функциональных особенностей составных глаголов, занимающих особое место в системе сложных глаголов казахского языка. Несмотря на широкую разработанность сложных глаголов в казахской грамматике, сохраняется необходимость в унифицированном представлении словообразовательной природы составных глаголов и их отличий от свободных глагольных сочетаний, идиоматизированных и аналитических конструкций.

Цель исследования – обобщить научные взгляды на составные глаголы и системно описать их структурные модели, семантическую целостность и словообразовательную функцию. Особое внимание уделяется глаголам, образованным по модели «именная основа + вспомогательный глагол», способным формировать новое наименование действия. Также проводится их сопоставительный анализ с аналитическими и идиоматизированными образованиями.

Научная значимость работы заключается в уточнении статуса составных глаголов как самостоятельной словообразовательной модели в системе сложных глаголов. Практическая значимость связана с возможностью использования результатов в обучении и лексикографическом описании на основе их структурно-семантической систематизации.

ISSN 2788-7979 (online)

В исследовании применены методы сравнительного анализа, структурного описания и табличного моделирования. Семантическая целостность составных глаголов, их синтаксические функции и взаимосвязь компонентов рассмотрены на основе языкового материала. Отличительные признаки по отношению к свободным сочетаниям и аналитическим конструкциям представлены в таблицах.

Установлено, что составные глаголы формируют новое лексическое значение действия и функционируют как единое целое, выполняя словообразовательную функцию. В отличие от аналитических глаголов, выражающих аспектуальные значения, они создают самостоятельное наименование действия через переход именной основы в глагольную семантику.

Практически результаты могут быть использованы при составлении словарей, в курсах морфологии, разработке учебных пособий и создании электронных лексикографических баз.

Ключевые слова: составной глагол, сложный глагол, аналитический глагол, идиоматизированный глагол, словообразование, структурная модель, семантическая целостность, вспомогательный глагол.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Ысқақов А. Современный казахский язык. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 с.
2 Маманов Ы. Современный казахский язык. Глагол. – Алматы: Мектеп, 1966. – 156 с.
3 Оралбаева Н. Система словообразования казахского языка. – Алматы: Ғылым, 2002. – 248 с.
4 Шәкенов Ж. Сложные слова и сложные формы в казахском языке. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 120 с.
5 Қасым Б. Структура и значение сложных глаголов в современном казахском языке. – Алматы: Ғылым, 2001. – 210 с.
6 Жолшаева М. Лексико-грамматические особенности составных глаголов в казахском языке // Tiltanym. – 2022. – № 1(85). – С. 44–54.
7 Mamynova B. K., Slyambekov Q. B., Soltanbekova A. A., Imangazina M. A., Ramazanov T. B. The fourth generation of academic Kazakh grammar // New Research of Tuva. – 2024. – No. 3. – P. 326–340. – DOI: https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.20.
8 Виноградов В. В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. – Москва: Высшая школа, 1972. – 614 с.
9 Бондарко А. В. Теория функциональной грамматики. – Ленинград: Наука, 1987. – 348 с.
10 Fleischhauer J., Hartmann S. The emergence of light verb constructions: A case study on German kommen ‘come’ // Yearbook of the German Cognitive Linguistics Association. – 2021. – Vol. 9, No. 1. – P. 135–156. – DOI: https://doi.org/10.1515/gcla-2021-0007.
11 Pompei A., Mereu L., Piunno V. Light Verb Constructions as Complex Verbs: Features, Typology and Function. – Berlin; Boston: De Gruyter Mouton, 2023. – DOI: https://doi.org/10.1515/9783110747997.
12 Lai R. K. Y. Why we need asymmetric measures to classify multi-word expressions: The case of Tibetan light verb constructions // Proceedings of the Society for Computation in Linguistics. – 2024. – Vol. 7, No. 1. – P. 302–306. – DOI: https://doi.org/10.7275/scil.2211.
13 Fendel V. B. Do Good or Suffer Evil: Syntactic Nominalisations in Verbal Multi-Word Expressions in the PARSEME GRC Corpus // Digital Studies in Language and Literature. – 2025. – Vol. 2, No. 1. – P. 85–121. – DOI: https://doi.org/10.1515/dsll-2025-0005.
14 Fleischhauer J. Light verb constructions and the Principle of No Synonymy: A case study on German stehen unter-LVCs // Yearbook of the German Cognitive Linguistics Association. – 2025. – No. 1. – P. 243–272. – DOI: https://doi.org/10.1515/gcla-2025-0008.
15 Казахская грамматика. – Астана: Елорда, 2002. – 784 с.

Материал поступил в редакцию журнала 28.06.2026

ISSN 2788-7979 (online)

Compound verbs in the Kazakh language: structural models, semantic unity and tabular systematization

A. Soltanbekova[1], T. Ramazanov[1], S. Zhukenova[2]
[1]A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Almaty, 050010, Kazakhstan
[2]Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Kazakhstan

This article explores compound verbs in the Kazakh language, focusing on their structural, semantic, and functional characteristics within the broader system of complex verbs. While complex verbs have been extensively studied in Kazakh linguistics, the word-formation nature of compound verbs and their distinction from free verb combinations, idiomatized constructions, and analytical forms still require clearer systematization.

The aim of the study is to synthesize scholarly perspectives and describe the structural models, semantic unity, and derivational role of compound verbs. Special attention is paid to constructions formed according to the "nominal element + auxiliary verb" model, which generate new action-denoting lexical units. These constructions are analyzed in comparison with analytical and idiomatized verb formations in order to clarify their linguistic status.

The research applies comparative analysis, structural description, and tabular modeling. The semantic integrity of compound verbs, their syntactic functions, and the interaction of their components are examined on the basis of authentic linguistic data. Their distinguishing features are presented in comparative tables for clarity and consistency.

The findings indicate that compound verbs function as unified lexical units expressing a single action meaning. Their components form a semantically integral whole and perform a word-formation rather than a purely grammatical function. In contrast, analytical verbs primarily serve as grammatical means of expressing aspectual meanings. Thus, compound verbs are identified as independent derivational units that convert nominal elements into verbal meanings.

The study contributes to a clearer understanding of the role of compound verbs in the Kazakh language system and supports their recognition as an independent word-formation model. Practically, the results may be applied in morphology courses, lexicographic work, and the development of teaching materials and electronic linguistic resources.

Key words: compound verbs, complex verbs, analytical verbs, idiomatized verbs, free verb phrases, word formation, structural model, semantic unity, auxiliary verb, tabular systematization.

REFERENCES

1 Ysqaqov A. Modern Kazakh Language. Morphology. – Almaty: Ana Tili, 1991. – 384 p.
2 Mamanov Y. Modern Kazakh Language. The Verb. – Almaty: Mektep, 1966. – 156 p.
3 Oralbayeva N. The Word-Formation System of the Kazakh Language. – Almaty: Gylym, 2002. – 248 p.
4 Shakenov Zh. Compound Words and Complex Forms in the Kazakh Language. – Almaty: Ana Tili, 1991. – 120 p.
5 Kassym B. The Structure and Meaning of Compound Verbs in the Modern Kazakh Language. – Almaty: Gylym, 2001. – 210 p.
6 Zholshayeva M. Lexico-Grammatical Features of Compound Verbs in the Kazakh Language // Tiltanym. – 2022. – No. 1(85). – P. 44–54.
7 Mamynova B. K., Slyambekov Q. B., Soltanbekova A. A., Imangazina M. A., Ramazanov T. B. The fourth generation of academic Kazakh grammar // New Research of Tuva. – 2024. – No. 3. – P. 326–340. – DOI: https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.20.
8 Vinogradov V. V. The Russian Language. A Grammatical Theory of the Word. – Moscow: Vysshaya Shkola, 1972. – 614 p.
9 Bondarko A. V. Theory of Functional Grammar. – Leningrad: Nauka, 1987. – 348 p.

ISSN 2788-7979 (online)
10 Fleischhauer J., Hartmann S. The emergence of light verb constructions: A case study on German kommen ‘come’ // Yearbook of the German Cognitive Linguistics Association. – 2021. – Vol. 9, No. 1. – P. 135–156. – DOI: https://doi.org/10.1515/gcla-2021-0007.
11 Pompei A., Mereu L., Piunno V. Light Verb Constructions as Complex Verbs: Features, Typology and Function. – Berlin; Boston: De Gruyter Mouton, 2023. – DOI: https://doi.org/10.1515/9783110747997.
12 Lai R. K. Y. Why we need asymmetric measures to classify multi-word expressions: The case of Tibetan light verb constructions // Proceedings of the Society for Computation in Linguistics. – 2024. – Vol. 7, No. 1. – P. 302–306. – DOI: https://doi.org/10.7275/scil.2211.
13 Fendel V. B. Do Good or Suffer Evil: Syntactic Nominalisations in Verbal Multi-Word Expressions in the PARSEME GRC Corpus // Digital Studies in Language and Literature. – 2025. – Vol. 2, No. 1. – P. 85–121. – DOI: https://doi.org/10.1515/dsll-2025-0005.
14 Fleischhauer J. Light verb constructions and the Principle of No Synonymy: A case study on German stehen unter-LVCs // Yearbook of the German Cognitive Linguistics Association. – 2025. – No. 1. – P. 243–272. – DOI: https://doi.org/10.1515/gcla-2025-0008.
15 Kazakh Grammar. – Astana: Elorda, 2002. – 784 p.

МҒТАР 16.21.27 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp213-227

М.Б. Хамзина
«Астана медицина университеті» КеАҚ, Астана, 010000 Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ДІНИ ЛЕКСИКАНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯСЫ: ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ЖӘНЕ КОРПУСТЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Қазіргі антропоцентристік парадигма аясында ұлттық мәдени код пен дүниетанымның негізін құрайтын діни лексиканы кешенді зерделеудің ғылыми маңызы зор. Қоғамдық-саяси өзгерістер мен секуляризация үдерістері тілдің сөздік құрамындағы діни атаулардың денотативті және коннотативті деңгейде трансформациялануына тікелей ықпал етеді. Осы орайда, базалық діни концепттердің заманауи тілдік санадағы орны мен мағыналық эволюциясын анықтау зерттеудің өзектілігін айқындайды. Мақалада қазақ тіліндегі жеті іргелі діни лексеманың («иман», «тәубе», «сауап», «обал», «тағдыр», «ысырап», «нәпсі») XIX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы аралығындағы семантикалық-прагматикалық трансформациясы мен уақыт безбеніндегі dynamic-асы корпустық лингвистика және лингвокогнитология тұрғысынан кешенді зерттеледі. Қазақ тілінің ұлттық корпусы (qazcorpus.kz) мәліметтері негізінде бұл бірліктердің таза теологиялық канондық мағынадан арылып, заманауи дискурста әлеуметтік-психологиялық және қаржылық-экономикалық категорияларға ауысу, яғни секуляризациялану заңдылықтары эмпирикалық түрде дәлелденді. Дистрибуциялық талдау нәтижесінде діни лексиканың көркем проза (~42%) мен поэзияда (~28%) шоғырлану ерекшелігі айқындалды. Сонымен қатар, Шәкәрім Құдайбердіұлының авторлық идиостиліне статистикалық талдау жасалып, аталған лексемалардың ақынның «Ождан ғылымы» концепциясының тілдік деңгейдегі біртұтас когнитивтік моделін құрайтыны негізделді.

Кілт сөздер: корпустық лингвистика, діни лексика, секуляризация, Шәкәрім идиостилі, ресемантизация, ұлттық корпус, Ождан ғылымы.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Діни лексиканы лингвистикалық тұрғыдан зерттеу – қазіргі тіл білімінің, әсіресе лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика және прагмалингвистика бағыттарының ең